

4. Krueger R.A., Casey M.A. Focus Groups: A Practical Guide for Applied Research. – 5th ed. – Thousand Oaks, CA: SAGE Publications, 2015. – 219 p.

5. Шаяхмет Д. Гражданское образование и культура подростков Алматы. Исследование уровня гражданского образования и культуры подростков в возрасте 13–17 лет, проживающих в городе Алматы. – Алматы, 2014. – 39 с.

6. Оберемко О. А., Терентьева Н. Н. Фокусированное интервью по Роберту Мертону: особенности и критерии эффективности метода // Мониторинг. 2018. №6 (148). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fokusirovannoe-intervyu-po-robertu-mertonu-osobennosti-i-kriterii-effektivnosti-metoda>

ӘОЖ 929.5

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Никамбекова Әсел Байзаққызы

Е.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
докторант, Астана, Қазақстан

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан — қазақ халқының басшысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист, Алашорда автономиялы мемлекетінің негізін қалаушы. Ол тек саяси тұлға ғана емес, сонымен қатар ғылымның бірнеше саласында терең із қалдырған энциклопедист ғалым болатын. Ә. Бөкейханның саяси күресінде бірнеше маңызды мәселелер алға қойылды. Олар – жер, экономика, тіл, дін, оқу ағарту мәселесі. Экономика және аграрлық ғылым саласындағы еңбектері қазіргі кезде де өзекті болып отыр. Алаш көсемі қазақтың жері жұқа, жырта берсе жердің құнарсыз шөл далаға айналу қаупін сол кезде ескерткен болатын. Өкініштісі бүгінгі Қазақстанның жері не мал кәсібіне, не егін шаруашылығына жарамсыз шөл далаға айналды.

Әлихан Бөкейхан Ресей империясының Столыпин реформалары кезеңінде аграрлық саясатты зерттеді. Ол қазақ даласындағы жер мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеп, қоныс аудару саясатының қазақ халқына тигізген кері әсерін ашық сынға алды. Әлихан Бөкейханның жер мәселесіне қатысты саяси күресі студенттік шақтарынан басталғандығын білеміз. Алаш көсемінің жер үшін күресі нәтижесінде Қазақстанның көп бөлігін сақтап қалған.

1. Жер — қазақтың басты байлығы.

Әлихан Бөкейхан үшін жер — жай ғана шаруашылық құралы емес, ұлттың тарихи, экономикалық және мәдени негізі болды. Ол қазақ халқының дәстүрлі көшпелі шаруашылығы мен өмір салты жермен тікелей байланысты екенін айтты. «Жерсіз ұлт — жойылуға бет алған ұлт». — деп, ол қазақ үшін жер мәселесінің өмірлік маңызы бар екенін нақты көрсеткен [1, 142 б].

2. Қоныс аудару саясатына қарсы күрес

Патша үкіметі ХІХ ғасырдың соңынан бастап қазақ даласына орыс шаруаларын жаппай қоныстандырып, қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, оларды шөлейт аймақтарға ығыстырды. Әлихан осы саясатқа қарсы шығып:

«Қазақтың жерін қоныстандыру қорына алып, егінші мұжыққа беріп жатыр. Бұл — қазақты аштық пен босқындыққа итермелеу», — деп жазды [2, 321 б.]. Ол қазақ жері қазақтікі болуы керек деп санап, бұл идеяны саяси және ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

3. Башқұрттарды мысалға ала отырып жерді сатуға үзілді-кесілді қарсы болды. Әлихан қазақтың жерін жеке меншікке айналдыруға, жерді сату мен сатып алуға қарсы болды. Оның ойынша, бұл — қазақтың болашағына қауіп төндіретін қадам.

4. Жер — автономияның негізі. Алаш қозғалысының бағдарламасында да жер мәселесі бірінші орында тұрды. Әлихан бастаған Алаш зиялылары қазақ жері түгелімен автономия құрамында өз халқына тиесілі болуы керек, жер байлығы халық игілігіне пайдаланылуы тиіс, жерден қуылған қазақтарға ата қонысы қайтарылуы керек деп талап қойды.

Әлихан Бөкейхан өзінің мақалаларында жерге қатысты тек саяси талап айтып қана қоймай, ғылыми-экономикалық негіздемелер де жасады. Ол қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи-географиялық ерекшеліктерін, шұрайлы жайылымдардың экономикалық маңызын, қоныстандыру саясатының экологиялық және әлеуметтік зардаптарын жан-жақты талдады.

1905–1907 жылдары ол Ресей Мемлекеттік думасының мүшесі ретінде аграрлық комиссияда қызмет етті. Осы кезеңде ол қазақ жерін жеке меншікке айналдыру саясатына қарсы ғылыми дәлелдер келтіріп, жер — қазақ халқының тіршілігінің негізі екенін баса айтты.

Этнография және тарих ғылымына Әлиханнның қосқан үлесі зор. Ресей ұйымдастырған бірнеше экспедицияларға мүше болып ел аралағанының бір мақсаты тарихи этнографиялық мәліметтерде жинастыру болған.

Бөкейхан — қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс-салтын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі. Ол фольклор, этнография және қазақ тарихына қатысты материалдарды жинап, ғылыми тұрғыда талдады. Әлихан әйгілі орыс ғалымы Василий Радловпен бірге жұмыс істеп, қазақ фольклорын жинау мен зерттеуге атсалысты. Әлихан В. Радловтың қазақ халқы әлсіз болғандықтан бодан болуға көндігуі керек әлділер әлсіздерді билеп төстейді деген пікіріне қарсы шыққан. Сонымен қатар, ол қазақ шежіресі мен рулық құрылымына да қызығушылық танытқан. Әлихан Бөкейхан Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі (1896 жылдан бастап) болуының өзі көп қайсарлықты талап етті. Оны толық мүшелікке оңайлықпен алмаған. Есеп жүргізу, өлшеу сияқты ең күрделі ғылыми жұмыстарды атқаруымен аса қажырлы еңбек етуімен қабылданған болатын. Бұл қоғамда жүріп, ол Қазақстанның табиғи ресурстары, халқының тығыздығы, мал шаруашылығы мен егіншілік жағдайы бойынша көптеген зерттеу жүргізді. Оның статистикалық еңбектері нақты деректерге сүйеніп жазылған, сондықтан қазіргі зерттеушілер үшін де құнды дереккөзі болып табылады. Осы еңбегінің арқасында қазіргі Қазақстанның картасы жасалды.

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының мал шаруашылығын терең зерттеген және оны қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен экономикасының негізі деп қарастырған. Ол мал кәсібін тек шаруашылық саласы ретінде емес, қазақ халқының мәдениеті, өмір салты, болмыс-бітімімен тығыз байланысты тарихи құбылыс деп бағалады.

1. Мал шаруашылығы — қазақтың ұлттық кәсібі

Әлихан Бөкейханов қазақтың өмірі малмен тығыз байланысты екенін, бұл кәсіп ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи-экономикалық және тарихи үрдіс екенін атап өтті. «Қазақтың тіршілігі төрт түлік малға байланысты. Мал бар жерде — дәулет, еркіндік, тіршілік бар», — деп жазды [3, 258 б.].

2. Табиғат пен шаруашылықтың үйлесімі

Ол қазақтың мал шаруашылығы табиғатпен үйлескенін ерекше атап өтті. Қазақтар маусымдық жайылымдарды дұрыс пайдаланып, табиғи ортаға зиян келтірмей өмір сүрген. Көктеу, жайлау, күзеу, қыстау тәртібі — қазақтың экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып, малды тиімді бағуының дәлелі. Әлихан бұл жүйені «жаратылыстың заңына сай шаруашылық» деп бағалады. Қоныс аудару саясаты мал шаруашылығына зиян келтірді. Патша үкіметі қазақ жеріне орыс шаруаларын жаппай қоныстандырғанда, қазақтар көшіп-қонуға жарамды жерлерінен айырылды, бұл өз кезегінде мал шаруашылығын күйретуге әкелді. «Көшпелі тұрмыс — қазаққа табиғи бейімделген өмір. Бұл жолдан зорлықпен шығару — халықты жұтатудың жолы», — деп ескертті ол. Мал — қазақтың байлығы ғана емес, еркіндігінің де негізі.

Әлихан Бөкейхан үшін мал ұстау еркін өмірдің кепілі еді. Жері мен малы бар халық — өз күнін өзі көреді, ешкімге тәуелді болмайды.

Мал баққан қазақ — отырықшы егіншіге тәуелді емес. Жер мен мал — қазақтың еркін өмірінің тірегі. Мал шаруашылығы — экономикалық тиімді сала деп есептеді. Әлихан мал шаруашылығының экономикалық тиімділігін нақты статистикалық деректермен дәлелдеді. Ол қазақ даласындағы малдың түрлері, саны мен сапасы туралы нақты мәліметтер жинап, ғылыми тұжырымдар жасады.

Қазақтың жылқы, қой, түйе, сиыр өсіру ерекшеліктерін сипаттады. Қазақтың жылқы мен түйе өсірудегі тәжірибесін озық тәжірибе ретінде бағалады. Алаш басшысы қазақ тілі мен діні туралы айтқан ойлары — оның ұлттық сананы оятудағы ең басты ұстанымдарының бірі болды. Ол тіл мен дінді халықтың рухани тірегі, ұлтты ұлт ететін негізгі күштер деп білді. Оның бұл тақырыптардағы көзқарастары саяси, мәдени және ғылыми еңбектерінде кең көрініс тапты. Тіл — ұлттың жаны. Әлихан қазақ тілін ұлттың рухы мен болмысының айнасы деп бағалады. Ол тілді сақтау — ұлттық тәуелсіздікке апаратын басты жол екенін түсінді. Ұлттың ұлт болып сақталуы үшін ең алдымен тіл керектігін атап көрсетті. Ол қазақ тілінің әдеби, поэтикалық, ғылыми әлеуетін жоғары бағалады. Публицист ретінде өзі де қазақ тілінде мақала, зерттеу жазып, тілді дамытудың үлгісін көрсетті.

Әлихан қазақ тілі өзінің табиғи тазалығымен, көркемдігімен кез келген тілмен тең тұра алатынын айтқан болатын. Тілді үйрету мен дамыту мәселесі. Әлихан қазақ балаларының ана тілінде білім алуы қажет екенін баса айтты.

Әлихан Бөкейхан ислам дінін қазақ халқының рухани тірегі, моральдық негізі деп санады. Ол «Дін – халықты тәрбиелейтін, бірлікке бастайтын күш» деп, діннің ағартушылық және бірлік қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалады. Дінді саясатқа араластырмай, ағарту жолына бағыттау. «Жер жұмысының бас мекемесі қазақтардың арасына православный дін таралып, орнығып беку үшін, Дала облыстарындағы халықтарды орыс патшалығына тезірек жақындатып, жұтқызып, сіңіру үшін орыс мәдениетіне қосылып олар орыспен бірдей орыс болып бірігу үшін, қазақтар мен орыстарды бірге қала қылып отырғызуды ұнатып, жаратқандығын һәм солай етуді тілейтіндігін хабар қылып, білдіріп отыр» деп сол құжаттардан үзінде келтіреді [4, 272 б]. Бұл Әлиханның ашық саяси күрескер екендігіне дәлел әрі білімді заңгер болғандығының арқасында қазақты көп қатерден сақтады.

Әлихан дінді қоғамды алға сүйрейтін күшке айналдыруды көздеді. Ол дінді халықты қараңғылықта ұстау құралына айналдыруға қарсы болды. Нағыз ислам — білімге, адалдыққа, әділдікке үндейтін дін екенін көрсетті. Әлихан діннің ақыл мен ғылымға қарсы тұрмауы керектігін, шынайы ислам — оқуға, ізденуге, әділетке бастайтындығын жазған еді.

Әлихан Бөкейхан өзінің ғылыми көзқарастарын халыққа жеткізу үшін түрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жариялады. Бұл еңбектерінде ол қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық мәселелерін көтеріп, білім мен ғылымның маңыздылығын насихаттады. Ұлт қөсемі жер мәселесі туралы айтқан ойлары — оның ғылыми, саяси және публицистік қызметінің өзегі болды. Ол жерді қазақ халқының өмір сүруінің негізгі тірегі деп таныды және патша үкіметінің отаршыл жер саясатына ашық қарсы шықты.

Әлихан Бөкейханның жер туралы ойлары — бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған, терең ғылыми және ұлттық тұғырға негізделген көзқарастар. Ол жердің экономикалық қана емес, ұлттық тәуелсіздік пен рухани тұтастықтың кепілі екенін түсініп, осы жолда күресті. Әлихан мал шаруашылығын — қазақ халқының экономикасы, табиғатпен үндестігі және ұлттық болмысының негізі деп қарастырды. Ол мал кәсібін тек күнкөріс құралы емес, ұлттың тіршілік философиясы деп таныды. Оның мал шаруашылығына байланысты ғылыми және публицистикалық еңбектері — қазіргі ауыл шаруашылығы мен этнография саласына да маңызды үлес болып табылады. Ол қазақ халқының ислам дінін өз ерекшелігімен қабылдағанын, оның дін мен дәстүрді үйлестіре білгенін атап өтті. Сондықтан дінді халықтың табиғи болмысынан ажыратуға болмайтынын жазды.

Әлихан Бөкейхан үшін қазақ тілі мен діні — ұлтты сақтау мен дамытудағы басты рухани тіректер болды. Ол тілді сақтау — ұлтты сақтау, дінді сақтау — рухты сақтау деп білді. Ол бұл екі құндылықты да ағарту, ұлттық бірлік және тәуелсіздік жолындағы басты құрал деп қарастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы / Ә. Бөкейхан; құраст.: Ж.С. Аққұлұлы. — Астана: «Сарыарқа», 2013. — Т. 8. — 528 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда / К. Нұрпейісов. — Алматы: «Ататек», 1995. — 256 б
3. «Қазақ» газеті. 1913 жыл / құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. — 480 б
4. Бөкейхан Әлихан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы: V том / Әлихан Бөкейхан. — Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2010. — 560 б

УДК 159.9

ПСИХОЛОГИЯ РЕЛИГИИ УИЛЬЯМА ДЖЕЙМСА И ВОЗМОЖНОСТИ ЕЕ ПРИМЕНЕНИЯ В ИССЛЕДОВАНИИ КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОСТИ

Нуртаза Самат Русланұлы
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант
Астана, Казахстан

В независимом Казахстане развивается молодая научная дисциплина «психология религии». В этой связи представляется актуальным, во-первых, разобраться в прошлом и настоящем психологии религии; во-вторых, изучить возможности применения методологии и опыта выдающихся представителей данной науки для более глубокого, эвристического исследования казахского духовного наследия, религиозных моделей казахского кочевого общества. Среди ученых, внесших особый вклад в современное религиоведение в аспекте психологии религии, выделяется